

ОЙЫЛ

ХАЛЫҚ ТАҢДАУЫ

1991 ЖЫЛҒЫ 1 ЖЕЛТОҚСАНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ АЛҒАШҚЫ БҮКІЛХАЛЫҚТЫҚ САЙЛАУЫ ӨТТІ. БҮЛ КҮН ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ АЛҒАШ РЕТ ӨЗ ПРЕЗИДЕНТІН ӨЗІ ТАҢДАП, ЕЛ ДЕРБЕСТІГІ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ САЙЛАУ АРҚЫЛЫ МАҚҰЛДАНҒАН АЙТУЛЫ КҮН РЕТІНДЕ ТАРИХТА ҚАЛДЫ. ШЫН МӘНІНДЕ ДӘЛ ОСЫ КҮНІ ЕЛІМІЗДІҢ ТАРИХЫНДА АЛҒАШ РЕТ НАҒЫЗ ДЕМОКРАТИЯ ТАЛАПТАРЫНА СӘЙКЕС КЕЛЕТІН БҮКІЛХАЛЫҚТЫҚ САЙЛАУ ӨТКЕН ЕДІ.



Осылайша, Қазақстан халқы өзінің тағдырын, мемлекеттің болашағын Президентке сеніп тапсыра алатынын алғаш рет айқын сезіне алды. Нақтылай айтқанда, 1991 жылдың 1 желтоқсанында Қазақстан Республикасының мемлекеттік тарихында жаңа қоғамдық-саяси кезеңге сәтті қадам жасалып, ел еңсесі көтеріліп қалды. Сайлау нәтижесі тек ел Президентін айқындап қана қойған жоқ, сонымен бірге Қазақстанның өз тәуелсіздігін жариялау мәселесін күн тәртібіне шығаруына кеңінен жол ашты. Бұл тәуелсіздік тарихындағы ең шешуші қадамның бірі – Тұңғыш Президент сайлауы болғанын анық аңғартады.

Аталған бүкілхалықтық сайлауда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев сайлауға қатысқан дауыс берушілердің 98,7 пайызының дауысына ие болды. Сайлауға дауыс беру құқығы бар азаматтардың 88,2 пайызы қатысып, қазақстандықтар зор саяси белсенділік танытты.

Сол күндердің атмосферасы өлі күнге дейін есімде. Кеңес Одағының соңғы күндері еді, одақтас республикалар бірінен соң бірі өз егемендігін жариялап жатты. Мұның өзі бұрынғы шаруашылық байланыстардың үзіліп, экономиканың көз алдымызда құлдырап, кәсіпорындардың тоқтауына, жұмыссыздық ұлғайып, адамдардың өлеуметтік жағдайы күрт нашарлауына өкеліп соқты.

Осындай қиын-қыстау кезеңде Нұрсұлтан Назарбаев халық пен мемлекеттің тағдырына қатысты барлық жауапкершілікті өз мойнына алды. Оған жаңа тәуелсіз мемлекетті қалыптастырудың бастауында тұрудың аса жауапты миссиясы жүктелді.

1991 жылы тікелей және бүкілхалықтық Президент сайлауы жарияланған кезде Қазақстан халқы оны мақұлдай отырып қабыл алды. Сайлау азаматтардың белсенділігін бұрын-соңды болмаған деңгейде арттыра түсті. Ал олардың Қазақстанның Тұңғыш Президентін сайлауға нақты қатысуы Отан тағдыры үшін жауапкершілік сезімін арттырып, патриотизм мен рухани өрлеудің шарықтауына жол ашты.

Жапай барлық жерде Нұрсұлтан Әбішұлының кандидатурасын қолдауда бастамашыл топтар құрыла бастады. Кандидаттың сенімді тұлғалары

ның ішінде қоғамның көптеген жарқын өкілі болды. Сол кездегі барлық өрекет етуші саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар, діни қайраткерлер, зиялы қауым, жастар, мұғалімдер мен дәрігерлер, көптеген еңбек ұжымы Нұрсұлтан Назарбаевты куәна қолдайтындарын білдірді. Сайлау үрдісі заманауи сайлау технологияларын қолданбай-ақ, демократиялық тұрғыда өткенін ерекше атап өткім келеді.

Президент сайлауына қатысушы және ұйымдастырушы ретінде мен барлық өңірдегі сайлаушылардың өздері сенім артқан кандидатын – Нұрсұлтан Назарбаевты қалай қарсы алғанына күй болдым. Адамдар стадиондарда, зауыттарда, фабрикаларда көптеп жиналып, өзекті мәселелерді көтерді. Олар балаларының болашағы, елдің болашағы үшін аландаушылық таныта отырып, өз ұсыныстары мен аманаттарын айтты.

Сайлаушылар алдында сөз сөйлеген Нұрсұлтан Әбішұлы алдағы жылдарда туындайтын қиындықтарды жасырмады, КСРО ыдырағаннан кейін Қазақстанды не күтіп тұрғанын ашық айтты. Оның республиканы дамытудың негізі ретінде қоғамда этносаралық және діни келісімді сақтауға, бірлікке шақыруы барша жұрттың тарапынан толық түсіністік пен қолдауға ие болды. Ол коммунистік жүйенің қайтып келмейтінін, жаңа кезеңдер туатынын айта келіп, бұлармен бірге күтпеген жаңа өзгерістер де туындайтынына, алда жақсы күндер күтіп тұрғанына сенім білдірді. Сонымен қатар Елбасы экономикалық басымдықтар, саяси өзгерістер жолдары және ел дамуының рухани-идеологиялық моделдері туралы өз көзқарасын ортаға салды.

Күтерлер мен сайлауға қатысушылар осы күнге дейін 1991 жылғы 1 желтоқсанда барлық сайлау учаскесінде, қалалар мен ауылдарда жалпыхалықтық мереке болғанын естерінен шығармайды. Себебі басқаша болуы да мүмкін емес еді, өйткені Қазақстан халқы қазіргі заманғы тарихта тұңғыш рет мемлекеттің бірінші басшысын өзі сайлады.

Бұл ретте Нұрсұлтан Әбішұлының өзіндік дара харизмалық тұлғасы маңызды рөл атқарғанын айта кеткен жөн. Оның өңгіме жүргізу қабілеті, қарапайым адамдардың өмірін терең

түсіне білуі, елдің ішкі және сыртқы саясатының болашағын тап баса болжай білу қасиеті, әлемдік саяси-экономикалық үрдістерді, заман ағымын саралай алатын білімділігі, өз ісінің дұрыстығына деген берік сенімі, алғырлығы, саяси ерік-жігері өрқашан

да шынайы таңдануды тудырды.

Кейін егемен еліміздің тарихындағы айтулы датаға айналған 1 желтоқсан жаңа мемлекеттік мереке – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні болып бекітілді. Өрине, ол заңды да. Нақты айтар болсам, 2011 жылдың 10 желтоқсанында Парламент Сенаты депутаттарының бастама-сымен «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына толықтыру енгізу туралы» заң қабылданды.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың еліміздің бірлігін, Ата заңын, адам мен адамзаттың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз еткен жаңа тәуелсіз мемлекеттің негізін қалаушы тұлға екені дау тудырмайды. Бұл – анық та ақиқат жайт. Сондықтан аталған Заңның қабылдануы арқылы Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің мемлекетімізге сіңірген өлшеусіз еңбегі нақты танылды. Сондай-ақ бұл шешім арқылы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстанға, өз халқына сіңірген еңбегіне баға беріліп қана қойылған жоқ, тәуелсіз Қазақстанның даму жолындағы Президент институтының мәртебесіне, оның маңыздылығына баса назар аударылды. Барша қазақстандықтардың, халқымыздың Президент институтының, президенттік басқарудың өте қажеттігін терең түсініп, оны таңдағанына, яғни халық таңдауына аталған заң арқылы баға беріліп, лайықты құрмет көрсетілді деуге болады. Сондықтан да барша қазақстандық аталған шешімді оң қабылдап, жыл сайын 1 желтоқсанды Тұңғыш Президент күні ретінде ерекше жағдайда атап өтіп келеді.

Осы мереке туралы Заңның қабылдануы үшін дауыс бергенде, менің бойымды дәл сол 1991 жылдағыдай өз елім үшін мақтаншыл сезімі кернеді. Қазақстан тәуелсіздік жылдарында Елбасының саяси бағытымен ілгерілей отырып, өлемде танымал өрі құрметті, қазіргі заманғы, серпілді дамып келе жатқан, өлеуметтік бағдарланған XXI ғасыр мемлекетіне айналды.

Оралбай ӘБДІКӘРІМОВ,
мемлекет және қоғам
қайраткері.
egemen.kz

МОНИТОРИНГТІК ТОП ҚҰРАМЫ БАС ҚОСТЫ

ӨТКЕН ЖҰМАДА ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ «NUR OTAN» ПАРТИЯСЫ ҒИМАРАТЫНДА ОЙЫЛ АУДАНЫ БОЙЫНША МОНИТОРИНГТІК ТОП ҚҰРАМЫНЫҢ ҚАТЫСУЫМЕН ОБЛЫСТЫҚ «NUR OTAN» ПАРТИЯСЫ ӨКІЛДЕРІНІҢ ЗУМ БАЙЛАНЫСЫ АРҚЫЛЫ «NUR OTAN» ПАРТИЯСЫНЫҢ 2021-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН «ӨЗГЕРІСТЕР ЖОЛЫ: ӨР АЗАМАТҚА ЛАЙЫҚТЫ ӨМІР!» САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫН ОРЫНДАУ МАҚСАТЫНДА ТАРМАҚТАРЫНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ ЖӨНІНДЕ СЕМИНАР КЕҢЕСІ ӨТТІ.



Аудан бойынша ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін кедергісіз қолжетімділік жасау мақсатында жаңа өлеуметтік инфрақұрылым объектілерін бейімдеу бойынша 98 нысан бар. Аталған нысандар толық бейімделген. Биылдан бастап, Өлеуметтік қызметтер порталы іске асырылып, мүмкіндігі шектеулі азаматтар электронды цифрлы қолтаңба арқылы жеке оңалту бағдарламасына сәйкес қажетті құралдарға өтінім беруге мүмкіндік жасалған. Ойыл аудандық жұмыспен қамту және өлеуметтік

бағдарламалар бөлімі екі мемлекеттік өлеуметтік тапсырыс бойынша жеке оңалту бағдарламаларына сәйкес - өнім беруші «Ойыл мүгедектерді қолдау орталығы» қоғамдық бірлестігі «Жартылай стационар жағдайында тірек қозғалысы аппаратында бұзушылықтар бар мүгедек балаларға арнаулы өлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемінің тізбесімен көзделген арнаулы өлеуметтік қызметтер» мүмкіндігі шектеулі 12 балаға көрсетілуде. Және «Инватакси» қызметі көрсетілуде. «Инватакси» қызметін

ұйымдастыру үшін автомашинаны жалға алу сәуір-желтоқсан айларында қамтамасыз ету үшін «Social servis» ЖШС-мен есту қабілеті нашар 55, көру қабілеті нашар 6, тірек-қимыл аппараты бұзылған 13 жалпы инватакси қызметін қажет ететін 74 мүмкіндігі шектеулі жандарға қызмет көрсетіледі.

Бұл жұмыстар өз жалғасын табады және мүмкіндігі шектеулі жандар қажетті құралдармен қамтамасыз етіледі.

Өз тілшіміз.

КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ



ӨТКЕН АПТАДА БЕРІК БИСЕ-КЕНОВТЫҢ ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ. ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНА АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ХАТШЫСЫ ЗАЙМӨЛДИН СӨКЕН ҒАЗИЗҰЛЫМЕН ҚАТАР ШАҚЫРУМЕН ЭЛЕКТРОНДЫҚ КӨРСЕТІЛГЕН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ АУДАНДЫҚ БӨЛІМДЕРДІҢ БАСШЫЛАРЫ МЕН ЖАУАПТЫ МАМАНДАРЫ ҚАТЫСТЫ.

Қоғамдық кеңес мүшелерінің назарына «2021 жылдың 9 айында Ойыл

ауданы бойынша электронды көрсетілетін мемлекеттік қызметтер үлесі, мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларының сақталуы туралы» аудан әкімі аппаратының ақпараттық қауіпсіздік және мемлекеттік қызмет көрсетуді талдау бөлімінің басшысы А.Бақытовпен «2021 жылдың қаңтар-қазан айларында мүгедектерді өлеуметтік қолдау шаралары бойынша атқарылған жұмыстар туралы» аудандық жұмыспен қамту және өлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Б.Иманғалиевтың және «Қазақстан

Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Ақтөбе облыстық Департаментінің 2021 жылдың 9 айында мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Ақтөбе облысы бойынша Департаментінің бас маманы Г.Ж.Мырзабекованың ақпараты ұсынылды. Қоғамдық кеңес мүшелері тарапынан хабарламашыларға сұрақтар қойылып тиісті жауаптар алынды және әрбір салаға сәйкес ұсынымдар қабылданды.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ КҮНІ ТОҚШЫЛЫҚ ПЕН МОЛШЫЛЫҚТЫҢ МЕРЕКЕСІ

ҚАРАША АЙЫНЫҢ ҮШІНШІ ЖЕКСЕНБІСІ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ТӨЛ МЕРЕКЕСІ. БҮЛ КҮН БІЗДІҢ АУДАН ҮШІН ДЕ АЙРЫҚША МАҢЫЗҒА ИЕ. ЖАЛПЫ АЙМАҚТЫҢ НЕГІЗГІ ТАБЫС КӨЗІ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ. АСЫЛ ТҰҚЫМДЫ МАЛ БАСЫН КӨБЕЙТІП, ШАРУАСЫН ДӨҢГЕЛЕТІП ОТЫРҒАН ІРІ-ІРІ ШАРУА ҚОЖАЛЫҚТАРЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНЫҢ ШЫРАЙЫН ШЫҒАРСА, ТӨСКЕЙДЕ ӨРІП ЖҮРГЕН МАЛДАРЫМЫЗ АЙТУЛЫ САЛАНЫҢ ЖЕТІСТІГІН ПАШ ЕТКЕНДЕЙ КӨРІНЕДІ.

Ауданның ауыл шаруашылығы саласында 2021 жылы Қазақстан Республикасының 2017-2021 жылдарға арналған Агротөңкерістің кешенді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында Ақтөбе облысы бойынша «2018-2027 жылдарға арналған етті мал шаруашылығын дамыту» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша белгіленген жоспарлы жұмыстар жүзеге асырылуда. Соңғы жылдары мал шаруашылығын дамытуға байланысты біршама жұмыстар атқарылған. Мемлекеттік және салалық бағдарламалар аясында «Сыбаға» бағдарламасы бойынша 1260 бас ірі қара, сонымен қатар 2376 бас қой сатып алынған. Ең бастысы асыл тұқымды ірі қара саны өскен. Мемлекеттік бағдарламалардың аясында мал шаруашылығы саласында мал саны өсіп, өндірілген өнім де жыл санап артып келеді. Мұның барлығы ауыл шаруашылығы саласына мемлекет тарапынан баса екіпін беріліп отырғанын айғақтаса керек. «Еңбек»,

«Бизнестің жол картасы 2025», «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламалары бойынша 2021 жылға жоспарланған көрсеткіштер орындалуда. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаға сәйкес «Бизнестің жол картасы 2025» бағдарламасы бойынша 20 жоба бойынша несие алынды. «Бизнестің жол картасы 2025» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін шағын кәсіпкерлік субъектілері бойынша 2 жоба мемлекеттік грантын ұтып алды. «Еңбек» бағдарламасы бойынша қазіргі таңда Ауыл шаруашылық қаржылай қолдау қорынанан 24 жоба 87,1 миллион теңге қаржыландырылды. «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы бойынша бүгінгі таңда «Агро-Бизнес, Іскер» бағдарламаларымен Аграрлық Несие Корпорациясы және Ақтөбе Несие Серіктестігі арқылы 7 жоба 275,990 теңгеге несие алды. Аудан бойынша 11 кооператив тұрақты жұмыс істеуде. Олардың ішінде 6

мал шаруашылығы бағытында, 5 аралас бағытта мал мен өсімдік шаруашылығымен жұмыс жасайды. Ағымдағы жылдың тоғыз айында 57 898 тонна ет өндіріліп, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 109,4 пайызға, 14815,4 тонна сүт өндіріліп, 110,2 пайызға, 1831,8 мың дана жұмыртқа -100,8 пайызға артқан. Жалпы, есепті мерзімде ауыл шаруашылығындағы жалпы өнім көлемі 12634,2 млн. теңгені құрап, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 106,3 пайызға өскен.

Аудан экономикасының негізін құрайтын ауыл шаруашылығы саласында егіс егу жұмыстары жоспарлы түрде толық орындалды. Дегенмен, ауа райының қолайсыз болуына байланысты дәнді дақылдар өнімі өте төмен болды. Сондықтан, шаруалар алдағы жылдары суармалы егіс көлемін арттыруды көздейді. Айта кетсек, ағымдағы жылы 220,7 мың тонна мал азығы дайындалып, жоспар 100 пайызға орындалып отыр. Яғни, ауыл шаруашылығы саласында атқарылып жатқан толымды істер жетерлік. Тоқшылық пен молшылықтың куәсіндай болған ауыл шаруашылығы қызметкерлерін төл мерекелерімен құттықтаймыз.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

Газетке жазылу - 2022

Аудандық “Ойыл” газетіне “Қазпочта АҚ” арқылы
2022 жылдың I жарты жылдығына жазылу басталды

Индекс Жазылушылар санаты 6 ай

65525 Жеке тұлғаларға 2834,86

66525 Занды тұлғаларға 4514,86

67525 Жеңілдікпен жазылатындарға 2354,86
(Барлық зейнеткерлерге)

Байланыс телефондары: 2-19-02, 2-11-07 (Редакция)
2-19-98 (Қазпочта АҚ)

Кубенов Миркияс Кубен	1903	Актюбинская область	Актюб обл		23.09.1943				Саксон	
Кудырбаев Сухурбай	1916	Ленинки, Актюбинская область	Актюб обл		18.10.1941				Саксон	
Кужанов Саре Кужан	1920	Актюбинская область	Актюб обл		30.04.1942				Саксон	
Кужахметов Эргали	1920	Уил, район Уил, Актюбинская область	Актюб обл		07.10.1941				Саксон	
Кунабаев Кулиш	1890	Актюбинская область	Актюб обл		12.02.1944				Саксон	
Кунанов Сагий	1917	Сабундгул, Актюбинская область	Актюб обл						Саксон	
Кунбаев Джахсибай Кунбай	1901	Актюбинская область	Актюб обл		14.03.1943				Саксон	
Кунмагамбетов Нургунбай Кунмагамбет	1904	Актюбинская область	Актюб обл		08.12.1942				Саксон	
Кунулбаев Шилик	1897	Актюбинская область	Актюб обл		01.10.1942				Саксон	
Курмагали Бакит	1922	Бейганин, Актюбинская область	Актюб обл		11.11.1942				Саксон	
Курманалин Исхак	1898	Актюбинская область	Актюб обл		20.12.1942				Саксон	
Курманов Джанис	1904	Актюбинская, Уильский	Актюб обл						Саксон	
Курманясов Сердалы Курманяс	1922	Копа, Актюбинская область	Актюб обл		17.09.1942				Саксон	
Кутуген Жин Кутыген	1896	Актюбинская область	Актюб обл		21.10.1942				Саксон	
Кушанов Сапар Кушан	1906	Актюбинская область	Актюб обл		01.12.1942				Саксон	
Кушинязов Кушебан Юсуп	09.09.1916	Актюбинская область	Актюб обл		24.07.1942				Саксон	
Кушкинбаев Хтавбай	1896	Мамицкое, Актюбинская область	Актюб обл		01.10.1942				Саксон	
Ажбагамбетов Саламбей Ажбагамбетов	1902	Актюбинская область	Актюб обл	Брат Бейсембай Ажбагамбет. Актюбинск обл. Темирск р-н. Бадамша	13.07.1942	16.08.1943	Дюссельдорф-Герресхайм			
Амамбаев Куншу Аманбаевич	1902	Актюбинская область	Актюб обл	Герхарск р-н. Аманбаев Держан.	15.05.1942	21.10.1944	н/о			
Ашикбаев Херчetaй	1901	Актюбинская область	Актюб обл	24. Ашикбаева Балауса. Актюбинск обл. Иргизск р-н. Д Муранек	13.07.1942	18.01.1943	Форелькруг/Зенне			
Ахтаев Курмантай Ахтаевич	1910	Актюбинская область	Актюб обл	Актюбинск обл. Байганинск р-н. Д Коплас. Мать Сарган.	май.42	19.01.1944	Кальтеникхрхен (кладбище для сов. в/пл.)			
Акланов Квоныш Айдаушевич	1903	Актюбинская область	Актюб обл	Жпарова К. Актюбинск обл. Тимеракий р-н.ст Шубар-кудук.	13.07.1942	09.02.1944	Витмаршен			
Алдиберген Нери Алдибергенвич	1909	Актюбинская область	Актюб обл	Женя Алдаберген Шамши. Актюбинск обл. Р-н Хобдишик. Д Жалешала	21.05.1942	15.11.1942	н/о			
Алмуканов Абрай	1897	Актюбинская обл., район Карабутақ, Уналтакчан	Актюб обл	Актюбинская область.	н/о	27.12.1943	Берген-Бельзен			
Алданов Шосимбай Алданович	1911	Актюбинская обл.	Актюб обл	Жена . Алданова. Актюбинск обл. Шахарский р-н. Д. Аул 7.	май.42	н/о	Берген-Бельсен			
Айманов Абдугали Айманович	1896	Актюбинская обл.	Актюб обл	Женя. Айманова Кешван. Актюбинск обл. Байганьск р-н. 12 аул.	23.051942	25.01.1943	Хютенроде			
Алинов Бахи	16.10.1917	Актюбинская обл., Карагаске	Актюб обл	Актюбинская область. Карагаске.	26.06.1941	22.12.1941	Нойес-Лагер			
Алниязов Муган Алниязович	1900	Актюбинская обл.	Актюб обл	Жена. Альниязова Жанима. Актюбинск обл. Уильски р-н. Д. Келтесай.	27.04.1942	27.09.1944	Витмаршен			
Абдуны Сапа Абдулыевич	1900	Актюбинская обл.	Актюб обл	Жена. Абдоны. Актюбинск обл. Коралтанский р-н. Артувельский.	май.42	н/о	Берген-Бельсен			
Абиев Гекий	1920	Актюбинская обл., Гузлбада	Актюб обл	Актюбинский область. Байганинский. Д. Гузлбада.	н/о	06.10.1941	Деблин			
Алиев Касангали	1919	Актюбинск	Актюб обл	Актюбинская область. Ст. Шахар. Ул. Октябрьская 77	07.07.1941	17.10.1941	Деблин			
Агашонов Бугумшан Алиевич	25.06.1925	Актюбинская обл.	Актюб обл	Казахская. Актюбинская область.	1944	н/о	н/о			
Аймагаметов Нуртаз Аймагаметович	05.05.1916	Казахская ССР, Актюбинская обл., Сарыким	Актюб обл	н/о	27.02.1943	н/о	н/о			
Алданов Сарсенбай	1912	Актюбинская обл.	Актюб обл	Актюбинская область	н/о	19.05.1943	Берген-Бельзен			
Абиев Таймурхан	1902	Актюбинская обл., Шатар	Актюб обл	Актюбинская область. Д. Шатар	н/о	13.10.1942	Проскуров/Ракова			
Алпыспаев Уайыс	1897	Казахская ССР, Актюбинская обл.	Актюб обл	Актюбинская область.	н/о	апр.44	Берген-Бельзен			
Бигелев Норс Бигелович	1896	Актюбинск	Актюб обл	Актюбинская область.	н/о	09.11.1944	Берген-Бельзен			
Бланта Абдулла Блантович	1902	Актюбинская обл.	Актюб обл	Актюбинская область.	05.06.1942	16.05.1943	Арнольдсвайлер			

БІРІНШІ ФОРУМ

«ҚОҒАМ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІПТІ ҚОЛДАЙДЫ»

27 қазанда Ақтөбе облысының әкімдігі прокуратурамен бірлесіп «Қоғам құқықтық тәртіпті қолдайды» - атты Бірінші форум өткізді. Оған Ақтөбе облысының әкімі, Құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі ведомстваралық комиссияның мүшелері, облыстық соттың төрағасы, облыстық және қалалық мәслихаттардың хатшылары, облыс пен аудандардың Қоғамдық кеңестерінің өкілдері, жоғары оқу орындарының басшылары, қаланың ұйымдары мен кәсіпорындарының басшылары мен олардың қызметкерлері, бейнеконференцбайланыс режимінде - өкімдер, аудандық мәслихаттардың хатшылары, аудан прокурорлары, бизнес өкілдері қатысты.

Форум жеке қатысу және онлайн режимінде өткізілді, сондықтан қатысушылардың құрамын айтарлықтай кеңейтті және баяндамалар мен пікірталастарды қолжетімді қылды. Форум жұмысын ашқан Ақтөбе облысының әкімі Оңдасын Оразалин Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша өңірде халықтың қауіпсіздік деңгейіне ерекше көңіл бөлінетінін атап өтті. 2019 жылдан бастап облыста Қоғамды құқық бұзушылықтардың алдын алуға тарту жөніндегі жоба іске асырылуда.

Бұл жоба бірегей, себебі республикада алғаш рет іске асырылуда, елімізде мұндай іс-шара болмаған. Жобаның ауқымын жария ете отырып, Ақтөбе облысының прокуроры Марат Қайбжанов жобаның ведомстворалық жоспар түрінде іске асырылып

Ойыл ауданының прокуратурасы



ПЕРВЫЙ ФОРУМ

«ОБЩЕСТВО ЗА ПРАВОПОРЯДОК»

27 октября т.г. акиматом Актюбинской области совместно с прокуратурой проведен Первый форум «Общество за правопорядок». В нем приняли участие аким Актюбинской области, члены Межведомственной комиссии по профилактике правонарушений, председатель областного суда, секретари областного и городского маслихатов, представители Общественных советов области и районов, руководители ВУЗов, руководители организаций и предприятий города и их работники, в режиме видеоконференцсвязи - акимы, секретари районных маслихатов, прокуроры районов, представители бизнеса. Форум проведен в очном и онлайн режимах, что значительно расширило состав участников и сделало доступными выступления и дискуссии. Открывая работу Форума, аким Актюбинской области Оңдасын Оразалин отметил, что по поручению Главы государства в регионе уделяется особое внимание уровню безопасности населения.

С 2019 года в области реализуется Проект по вовлечению общественности в предупреждение правонарушений. Данный проект уникален, так как реализуется впервые в Республике, аналогов по стране нет. Освещая масштабы проекта, прокурор Актюбинской области Марат Кайбжанов сделал акцент, что проект реализуется в форме Межведомственного плана, которым предусмотрены формы взаимодействия государственных органов с общественностью, создание народных дружин, развитие молодежной сети волонтерского движения, привлечение общественных объединений, НПО, ВУЗов, трудовых коллективов к совместной работе по обеспечению правопорядка.

Вовлечение институтов гражданского общества проводится по трем основным направлениям: «патрулирование городских территорий», «профилактика бытового насилия» и «приведение криминологических анализов преступности в районах области».

На сегодня по всем этим аспектам есть положительные сдвиги. В текущем году отмечено снижение либо отсутствие преступности в охваченных проектом общественных местах и неблагополучных семьях. Исполнение рекомендаций криминологического анализа в Мартукском районе также позволило существенно снизить практически все виды преступлений в районе.

В ходе Форума также наградили наиболее активных общественных помощников и их руководителей. Была отмечена высокая вовлеченность в проект Актюбинского завода хромовых соединений, работники которого активно участвуют в патрулировании одного из районов Актобе.

Всего на сегодня заключено 15 меморандумов с предприятиями по привлечению работников к охране общественного порядка. Планируется, что к данному проекту в скором времени присоединится еще не менее 80 предприятий.

Прокуратура Уилского района

АВТОКӨЛІКТЕГІ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІН САҚТАЙЫҚ!

Өрт – «тілсіз жау». Ол айтып келмейді. Кешіксең, кешірмейді. Сәл тосылсаң, ол тажал әп-сәтте-ақ айналасын жалмап тынады. Сондықтан ондай жаумен күресу үшін төрт қаруың түгел, сақадай сай болуың қажет. Ал бүгінгі таңда автокөліктерде өрт қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздік ережелері сақталмай отыр. Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету адамдардың өмірі мен денсаулығын, меншікті, ұлттық байлық пен қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мемлекеттік қызметтің ажырамас бөлігі.

Көбінесе тілсіз жаудың шығуы, автокөліктің электрсымдарының қысқа тұйықталуынан, ТҚС-да тұрған автокөліктерге жөндеу жұмыстарын жүргізген кезде өрт-техникалық қауіпсіздігін сақтамаудан пайда болады. Сонымен қатар, автокөлік ішінде шылым шегуден де өрт оқиғалары жиі орын алады.

ТЖ саласының мамандары автокөлікте өрт пайда болған жағдайда не істеу керек екеніне назар аудартып, көлік иелеріне арналған мынадай сақтық ережелерін ұсынады.

Құрметті автокөлік иелері!

- Автокөліктеріңізді дер кезінде техникалық байқаудан өткізгеніңіз дұрыс;

-Үнемі оның дұрыс екенін қадағала-

жатқанын, онда мемлекеттік органдардың қоғаммен өзара іс-қимыл нысандары, халық жасақтарын құру, еріктілер қозғалысының жастар желісін дамыту, қоғамдық бірлестіктерді, ҰЕҰ, ЖОО-ын, еңбек ұжымдарын құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету бойынша бірлескен жұмысқа тарту көзделгенін атап өтті. Азаматтық қоғам институттарын тарту үш негізгі бағыт бойынша жүргізіледі: «қалалық аумақтарды патрульдеу», «тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу» және «облыс аудандарындағы қылмыстарға криминологиялық талдау жүргізу».

Бүгінгі таңда барлық осы аспектілер бойынша оң өзгерістер бар. Ағымдағы жылы жобамен қамтылған қоғамдық орындарда және қолайсыз отбасыларда қылмыстың төмендеуі немесе болмауы байқалды. Мәртөк ауданында криминологиялық талдау ұсынымдарының орындалуы аудандағы барлық қылмыс түрлерін айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік берді.

Форум барысында белсенді қоғамдық көмекшілер мен олардың басшылары марапатталды. Ақтөбе хром қосылыстары зауытының жобаға белсенді қатысып отырғаны атап өтілді, олардың қызметкерлері Ақтөбе аудандарының біріне патруль жүргізуде.

Бүгінгі таңда қоғамдық тәртіпті сақтауға жұмысшыларды тарту бойынша кәсіпорындармен барлығы 15 меморандум жасалды. Бұл жобаға жақын арада тағы 80 кәсіпорын қосылады деп жоспарлануда.

Ойыл ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

Бизинов Седжан Саимович	17.09.1922	Актыобинская область	Актюб обл		14.07.1941	16.06.1942	н/о			
Бисимбаев Күкүс	1905	Актыобинская область	Актюб обл	Актыобинская область	13.07.1942	25.01.1944	Арнольдсвайлер			
Бисенов Коблаш Бисенович	1920	Актыобинская область	Актюб обл	Актыобинская область	12.06.1942	29.05.1943	Владимир-Вольнский			
Байдышев Захар Байдушевич	02.02.1917	Актыобинская область	Актюб обл	Сестора-Байдушева Назира. Актюбинская область.	03.06.1942	19.10.1942	Плетцки/Гоммерн			
Балимбетов Жувандык	10.05.1922	Актыобинская область	Актюб обл	Актыобинская область	авг.42	11.06.1943	Нойбранденбург			
Байниязов Нурман	1896	Актыобинская область	Актюб обл	Актыобинская область	18.05.1942	26.04.1943	н/о			
Бисенов Кажигали Бисенович	1902	Актыобинская обл., Алагуза	Актюб обл	Актыобинская область	10.07.1942	28.01.1944	Скробов			
Бобыр Николай Алексеевич	1921	Актыобинская обл.	Актюб обл	Актыобинская область	30.06.1941	08.11.1941	Нойбранденбург			
Балгасин Захан	1905	Актыобинская обл.	Актюб обл	Актыобинская область	14.07.1942	20.12.1942	н/о			
Байтугелов Нургали Байтугелович	мар.16	Актыобинская обл.	Актюб обл	Байтугелов Сейнел. Актыобинская область.	18.08.1941	31.05.1942	Пржекопана			
Бибетов Сейчан	1902	Актыобинская обл.	Актюб обл	Актыобинская область.	22.06.1942	18.03.1944	н/о			
Байдүлетов Абиш	05.03.1906	Актыобинская обл., район Джурун	Актюб обл	Актыобинская область.	н/о	н/о	Берген-Бельзен			
Бирмаганбетов Джумабай Болганович	10.05.1920	Актыобинская обл., район Уил, Колхоз «Курма»	Актюб обл	Актыобинская область.	29.06.1941	дек.41	Хайдекруг			
Бинелеев Норс Муслимович	1896	Актыобинская обл.	Актюб обл	Актыобинская область.	н/о	09.11.1944	Эрбке			
Баишев Картбей	1920	Актыобинская обл.	Актюб обл	Актыобинская область.	н/о	29.06.1942	Проскуров/Ракова			
Базовой Николай Иванович	03.01.1921	Казахстан, Актыобинская обл., Борисовка	Актюб обл	Сурызакский район. Актыобинская область	27.06.1941	н/о	н/о			

БІРЕГЕЙ БИШІ

НҮРСҰЛУ ТАПАЛОВАНЫ ТАНУҒА ЖАСАЛҒАН ТЫҢ ҚАДАМ

ӨНЕРДІҢ ҚАҰ САЛАСЫҢДА БОЛСЫН ӨЗІНДІК НАҚЫШЫ МЕН МӘНЕРІ ҚАЛЫПТАСҚАН. АРҒЫ БАС-ТАУЫҢДА. ӨТКЕНІНДЕ БҮГІНГІ ІЗБАСАР ҮРПАҚ ҮСТАЗ РЕТІНДЕ АУЫЗ ТОЛТЫРА АЙТАТЫН КӨРНЕКТІ ТҮЛҒАЛААРЫ БАР МАҢҒЫСТАУДА БИ ӨНЕРІ ҚАЛАЙ ДАМУЫДЫР АТАЛҒАН БЕКЗАТ ӨНЕРДІҢ КУЕЛІ ДАЛАДА НЕГІЗІН ҚАЛАҒАН АЛҒАШҚЫ ҚАРЛЫҒАШТАРЫ КІМР ОСЫ СУРАҚ АУЫЛ ТОПЫРАҒЫҢДА ТҮЙП-ӨСІП, ӨЗІН ӨЗІ БИ ҚАНАТЫҢДА ЖЕТІЛДІРГЕН. БҮГІНДЕ ҚАЗАҚТЫҢ БИ ӨНЕРІН ЗАМАНАУИ ДЕНГЕҮГЕ КӨТЕРЕМІН ДЕП ЖАРҒАҚ КҮЛАҒЫ ЖАСТЫҚҚА ТІМЕУ ІЗДЕНІП, ӨТКЕН МЕН БҮГІНДІ САБАҚТАСТЫРА ЕРТЕҢГЕ ЖОЛДАУДЫ МАҚСАТ ЕТКЕН КӘСІБИ БИШІ. ТАЛАНТТЫ ШӘКІРТТЕРДІҢ ҚАНАТЫН ҚАТАЙТЫП, ТОМАҒАСЫН СЫПЫРҒАН ЖАҢАШЫЛ ҮСТАЗ. СУРАТ ӨСКІНБАЕВ АТЫНДАҒЫ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСТЫҚ ФИЛАРМОНИЯСЫНЫҢ БАЛЕТМЕЙСТЕРІ СЕРІК САРИЕВТІ МАЗАЛАҒАЛЫ АЗ УАҚЫТ БОЛҒАН ЖОҚ.



Қандай қиын іске де тәуекел етуден қорықпайтын, керісінше ұлт руханиятын түгендеу жолында қандай қиындықтарға да белсеніп, білек сыбана кірісіп кететін С.Сариев көп ұзамай ізденісті бастап, Маңғыстаудағы би өнерінің тарихын зерделеп-зерттей келе Нұрсұлу Тапалова есіміне көзкіті. Өзі іздеген сырдың алтын жібінің шетінен осылай ұстаған биші жігіт Тапалованың өнердегі, өмірдегі тұлғасы мен тағдырын танып-біліп, қызыға зерттей түсті, талай архивтердің қағазын ақтарып, талай телевидениенің қорын қолсытты, шәкірттері мен туыстарын іздеп Қазақстанның бірнеше қалаларына сапар шекті, елден тыс жерлердегі шәкірттерімен байланысқа шықты. Мұраларын іздестірді, Нұрсұлу туралы қандай да бір жылт еткен мұра мен сыбыр еткен үнді қағыс қалдырмай жинау нәтижесінде үш жыл ішінде үлкен іс тындырды.

Ақтауда ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген әртісі Нұрсұлу Елубайқызы Тапалованың шығармашылығына арналған «Заманмен заңғарланған Нұрсұлу» атты кең көлемді шара ұйымдастырып, Тапалованың өмірін жаңғырта баяндайтын көрікті көрме жасап, би өнерінің саңлақ мамандарын деңгелек үстел басына жинап ой-пікірлерін, Нұрсұлу туралы естелік-баяндайтын тымдаумен бірге бірегей биші жайлы деректі фильмінің тұсауын

кесіп, жұрт назарына ұсынды.

Қазақ би тарихындағы тұңғыш балет бишісі, қазақтың ұлттық-сахналық биін насихаттаушы, киноактриса, әнші, педагог, балетмейстер, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген әртісі Нұрсұлу Елубайқызы 1923 жылы 13 қыркүйекте өмірге келіп, 1998 жылы қарашада қайтыс болған.

Ойыл ауданындағы қазақ орта мектебінде білім алған Нұрсұлу 1936-1939 жылдары Қазақ академиялық опера және балет театры жанындағы би мектебінде оқиды. Осы өнер мектебінде оқып жүріп Қазақ академиялық опера және балет театрында балет әртісі ретінде сахнада өнер көрсетеді. Дариға (И.Н.Надировтың «Көктемінде»), Зарема (Б.В.Асафьевтің «Бакшасарай фонтанында», 1942-1943 жылдары Г.С.Улановамен бірге), испан биі (П.И.Чайковскийдің «Аққу көлінде»), т.б. балеттік партияларды билейді. Сондай-ақ, ұлттық опералардағы (Е.Г.Брусиловскийдің «Қыз Жібегі», А.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Абайы»), М.Төлебаевтың «Біржан Сарасы») жеке билерді орындауымен бірден көзге түсіп, өзінің табиғи талант екенін мойындатып үлгереді. Одан өрі 1939-1941 жылдары Қазақ академиялық опера және балет театрында балет бишісі, 1941-1945 жылдары Қазақ академиялық опера және балет театрында биші, жауапты биші қызметтерін атқарған Н.Тапалова 1945-1953 жылдар аралығында Қазақ академия-

лық опера және балет театрында prima-ballerina болып еңбек етіп, 1947 жылы 24 жасында «Қазақ КСР Еңбек сіңірген әртісі» атағына ие болады, 1947-1949 жылдары Алматы қалалық кеңесінің депутаты болып сайланады. 1953 жылы «Қазақконцерттің» солісі қызметін атқарып, эстрадалық ән-би, миниатюра жанрында еңбек етіп, 1958 жылы Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне қатысады.

Өмірін өнерге арнаған ол 1975 жылға дейін сахнадан түспей «Киноконцерт», «Белая роза», «Жамбыл» және т.б. киноға түседі.

Қазақ боксының атасы, атақты бапкер маңғыстаулық Шоқыр Бөлтекұлымен бас қосқан Нұрсұлу Айсұлу, Тоты атты екі қыздың анасы.

Н.Тапалова тағдырын зерттеп аңыздай естілетін біраз деректерге қол жеткізген С.Сариев өз ізденісін халыққа табыстады. Маңғыстау облысы әкімдігінің, облыстық мәдениет басқармасының қолдауымен бояуы қанық, мағына мен мәліметке құнарлы көрме өз қонағын Нұрсұлу Елубайқызының өлеміне сүңгіте жөнелеріне дау жоқ. Көрмеде бишіге қатысты архивтік құжаттар, өр жылдары түскен түрлі суреттері, марапаттары мен жаңартылған киім үлгілері, концерттік жарнамалары, газет қиындылары, сондай-ақ түрлі ақпараттық стендтер, бишінің жары Шоқыр Бөлтекұлының суреттері шоғырланған.

Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары Г.Қалмұратова сөз алып, Н.Тапалованың би өнеріндегі орны туралы айта келіп, республиканың өр түкпірінен Нұрсұлу шарасына арнайы келген қонақтарға алғысын айтып, шара жұмысына сәттілік тілеген деңгелек үстелде Халық әртісі Г.Тапалова, Ш.Жиенқұлованың Атырау қаласынан келген шәкірті, Білім беру ісінің құрметті қызметкері, Мәдениет саласының үздігі Г.Бейсенова, Мәдениет қайраткері П.Омарбекова, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, ұлттық хореография өнерін зерттеуші профессор Т.Ізім, Н.Тапалова шығармашылығын зерттеуші, Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің ардагері Ш.Мұқашева, Қазақ Ұлттық Хореография Академиясының аға оқытушысы А.Садықова, Мәдениет қайраткері Г.Сағынова, Білім беру ісінің құрметті қызметкері А.Орынбаев, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Наз» мемлекеттік би театрының көркемдік жетекшісі, балетмейстер Қ.Ағымбаева, Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің экскурсиялық-бұқаралық жұмыстар бөлімінің меңгерушісі А.Сарыбай, «Заманмен заңғарланған Нұрсұлу» жобасына үлкен қолдау беріп, бар жиган-терген ақпараттарымен бөліскен журналист А.Жоранов, Ш.Берсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейінің директоры Б.Рысбаева, сондай-ақ бишінің бауырлары аяулы тұлғаның өмірі, өнері, ұстаздық, өртістік қыры, адамгершілік қасиеті туралы өңімделді, жадында сақталған естеліктерді жаңғыртты.

Екі жарым сағатқа созылған деректі фильм өз көрерменнен көрнекті өнерпаз, саңлақ биші, жетандай әнші, аяулы ана, ұлағатты ұстаз, әдеміліктің символы болған Нұрсұлу Тапаловамен жүздестіргендей. Иә, кейінгі ұрпақ оның мәңгі тірі рухымен жүзdesti.

— Нұрсұлу Тапалова — үлкен тарихи тұлға, көрнекті өнер майталманы. Сондықтан Тапалова тақырыбы зерттеген сайын берері мол тың тақырып. Тыңға түрен салған Серік Сариевке алғысымыз зор, ізденістер өлі жалғаса беретін болады, өйткені Тапалова туралы өлі де керемет естеліктер айтылып, деректер мен мәліметтер табылатынына сенім зор, сондай-ақ көрме мен фильмді еліміздің өр өңіріне танытуды жоспарлап отырымыз, дейді Маңғыстау облыстық мәдениет басқармасының басшысы П.Сармурзина.

Тапаловатанудың алғашқы шарасы сөн-салтанатымен, мағына-маңызымен жоғары деңгейде өткізілді. Мың бұралған бишінің мың қатпарлы тағдыры туралы айтылатын да, жазылатын да жолдар аз емес...

Гүлайым ДӘУІТБАЙ
«Egemen Qazaqstan»

«ЕР ЕДІГЕ» ЖЫРЫН ЖАТҚА СОҚҚАН ҚЫЗДАРЫМЫЗ ҚҰЛШЫНЫП ТҮР!

Өткен аптада аудандық мәдениет үйінде Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласында айқындалған міндеттерді іске асыру мақсатында «Nur Otan» партиясы «Qazaq Epos» қоғамдық қорымен бірлесе отырып «Тұлпар мініп, ту алған!» байқауының аудандық іріктеу кезеңі өткізілді.

Байқауға 16 мектептен 40 оқушы қатысты. Байқауда бақ сынаған оқушылар шарт бойынша 60 беттік «Ер Едіге» жырының кез-келген жерінен

үзінді айтуы керек. Екі бөлімнен тұрған байқаудың қорытындысы бойынша жүлделі ІІІ орынға (50 000 теңге) Қарай мектеп-балабақшасының 10-сынып оқушысы Аяна Рамазан қол жеткізсе, қазылар алқасы ІІ орынға (100 000 теңге) Сапақкөл орта мектебінің 8-сынып оқушысы Өсел Тоғызбаева (мұғалімі Рахима Абдрахманова) бас жүлде мен 150 000 теңгеге Қарай мектеп-балабақшасының 10-сынып оқушысы Зарина Дауылбайқызы (мұғалімі Мүлкаман Назерке Дәулетқалиқызы) иеленді. Жүлделі орын алған оқушылар облыстық кезеңге жолдама алды.

НАҚТЫЛАУ ЖҰМЫСТАРЫ БАСТАЛДЫ

1 қарашада елімізде Халық санағы аясында нақтылау шаралары басталды. Бұл жұмыс 8 қарашаға дейін жалғаспақ. Халықты толық есепке алуды және 2021 жылғы халық санағын жүргізу кезінде деректер сапасының анықтығын тексеруді қамтамасыз ету бақылау іс-шаралары жүргізіледі. Бақылау функциясы әрбір тұрғын үйге интервьюер барғанына және санақ парактарының барлық тұратын респонденттерге толтырылғанына көз жеткізуге мүмкіндік береді. Нұсқаушы-бақылаушылар интервьюерлермен бірге халық санағы аяқталғаннан кейін 7 күн ішінде әрбір есеп учаскесіндегі тұрғын жайлардың 10 процентін қамти отырып, респонденттерге бақылап, аралап шығу жүргізеді. 1 қарашадағы жағдай бойынша елде 19 450 179 адам немесе 102,2% (1 тамыздағы жағдай бойынша халық саны 19 029 507-ні құраған) санақпен қамтылды. Естеріңізге сала кетейік, шара аясында елімізде тұрақты тұрып жатқандардан өзге 12 айдан аса уақытқа шетелге іссапармен шыққандар (шетелдегі дипломатиялық корпус пен ҚР өкілдігінің қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелері), келісімшарт негізінде бір жылдан кем уақытқа басқа елге кеткен отандастарымыз, өзге мемлекетте «Болашақ» бағдарламасы аясында білім алып жатқан студенттер, уақытша шетелге шыққан туристер, уақытша (12 айдан аз) елімізде жүрген шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар мен босқындар санақтан өтуде. Халық санағын өткізу әдістемесіне сәйкес, сауалнама аяқталған соң нақты және тұрғылықты халық саны бойынша ақпарат алынатын болады. Бұл санаттар нені білдіреді ? «Нақты халық» дегеніміз, санақ өткізу кезіндегі белгілі бір елді мекендегі адамдардың санын білдіреді. Бұл санатқа тұрғылықты тұрғындармен қатар, уақытша келгендер мен резидент емес тұлғалар жатқызылады. Яғни, мұнда елді мекенге қонаққа, демалуға, жұмыс бабымен және т.б. мақсатта, сондай-ақ, елде уақытша жүрген шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар мен босқындар қамтылады. «Тұрғылықты халық» деген санатта елді мекенде тұрақты тұрып жүргендермен қатар, уақытша басқа жаққа шығып кеткен азаматтар қамтылады. Олардың қатарына басқа елді мекенге немесе шетелге тұыстарына, еңбек демалысына, жұмыс бабымен немесе басқа да себептермен уақытша кеткендер кіреді. Санақтан онлайн өту мүмкіндігі де 8 қарашаға дейін қолжетімді екенін атап өткіміз келеді. Санақ сауалдарына арнайы sapaa.gov.kz сайты, E-Gov порталы немесе Айту мобилді қосымшасы арқылы жауап беруге болады. Халық санағының негізгі кезеңі аяқталды. Қарашаның 8-не дейін санақ өткізу әдістемесіне сәйкес, нақтылау шаралары қарастырылған. 2021 жылғы халық санағының ұраны - «Қазақстанда өркім маңызды! В Казахстане каждый важен!».

СПОРТ - ҚАМҚОРЛЫҚТЫҢ ДЕМЕУШІСІ



Өткен демалыс күні ауданда салауатты өмір салтын насихаттау және жамағат арасындағы ауызбіршілікті нығайту мақсатында Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы негізінде ««Аңсар» кеңес беру-оңалту орталығы» қоғамдық бірлестігі және Ойыл аудандық мешітінің ұйымдастыруымен қала және аудан командаларының арасында футболдан Ойыл мешітінің қайырымдылық турнирі өтті.

Жарыс барысында жиналған қаржыдан Байрам Жеңісұлы баламыз-

дың еміне 100 мың теңге берілді.

Қайырымдылық турнирі негізінде өткен додада Ақтөбе қаласының «Қамқор» командасы І орын, Ойыл ауданының «Қайрат» командасы ІІ орын, «Көкжар» командасы ІІІ орынға ие болды. Қосымша тағы ойыншыларға «Үздік шабуылшы», «Үздік қақпашы» және «Үздік ойыншы» номинациясы бойынша арнаулы сыйлықтар табысталды. Жеңімпаздарға демеуші болған @foofroit_uil осхана желісіне алғыс білдіреміз! Қайырымдылық футболына қолдау білдірген өр жанға Алла Тағала сауаптан жазсын!

ЕСКЕ АЛУ

Ғұсман Жұмабергенұлы
(01.11.1938 ж – 27.08.2021 ж)



Өмірдің жиылғандай бар көрегі, Сыйластың елдің жақсы ардағымен. Көңілін қалдырмастан елдекімің, Араластың бетке ұстар саңлағымен. Өзің жайлы айта алмаймыз тауысып, Ел айтады, жұрт айтады жарысып. Көпшіліктен алған алғыс, сауабың, Жатқан шығар рухыңменнен қауышып. Асыл ата, ерқашан биік шоқтығың, Жаңға батты, бұл фәниде жоқтығың. Сен кеткенде күңіреніп жатты елің, Сарғайып, сағынады-ау халқы өз ерін. Білесің бе? Сағындық ата өзінді. Таза бұлақтай мөлдіреген көзіңді. Құшағыңа алып, ерқайсымызды ізкеп, Сағындық ата «құлыным» деген сөзінді. Ұмытпаймыз, есте мәңгі тілімің, Жүректерге жара салды ауыр мұң. Еске алып бүгін туған күнінде, Тіледік біз жұмақ-мекен жарығын.

Еске алушылары: балалары, немерелері.

Ойыл аудандық білім қызметкерлері кәсіподақ ұйымы, «Жолшы» бөбекжай бақшасының және бастауыш кәсіподақ ұйымы осы бөбекжай бақшаның меңгерушісі Ажар Мырзағалиеваға жолдасы

Дулат Нәубетовтың кенеттен қайтыс болуына байланысты отбасы мен ағайын тума-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Газет Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және Даму
министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру
және Ақпарат комитетінде
2016 жылдың 21 қаңтарында
тіркеліп,
№15790-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1546 таба. Тапсырыс №1122
Көлемі 1 баспа дана, индексі 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің
баспаханасында басылды.
Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.
Басылу сапасы жөнінде 400-400
телефонына хабарласуға болады.

«САҒЫНЫШҚА ТОЛЫ САЗДЫ ӘУЕН»



Өткен ғасырдың соңғы қырық жылында жұртшылық жүрегінен орын тапқан ретро әндер қазіргі кезде өз тыңдармандарын жоғалтқан емес. Ретро әндерге күні бүгінге дейін жұрттың ықыласы ерекше. Өткен аптада аудандық мәдениет үйінде «Сағынышқа толы сазды әуен» атты ретро концерті өтті. Ән кешінде 70-90 жылдардағы әндер айтылып, көрермендер бірер сәт сол кездерге саяхат жасап қайтты. Сондай-ақ, өзіндік тарихы бар, құлаққа сіңген «Попурри», «Жалын кешкен», «Іңкәр сезім», «Қуанышым менің», «Жанарымсың», «Махаббатпен ойнама, сен!» сынды жиырмадан астам ескі әндер шырықалып, көрер-

мендер көңілімен бірер сәт сол замандағы кездерді еске түсіруге мүмкіндік берді. Концертта ескі әндер орындалып қана қоймай сол жылдарда түсірілген фильмдерден де көріністер қойылды. Мұндай іс-шараларды сағынған жұрт, өнерпаздармен бірге қосылып өн шырқады. Ретро әндерден рухани сусындаған жұртшылық шараны ұйымдастырушылар мен өнерпаздарға дән риза көңілдерін жасырмады. Өлемді жайлаған індетке байланысты кең отырып тамашалайтын өн кештерін сағынған өнсуіер халық көтеріңкі көңілмен тартасы.

Гаяухар АЛЕКСЕЕВА, Ойыл селосы.

«ШАРУА ЖАСТАР» МЕКТЕБІНІҢ СЫРТЫ ҚОРШАЛДЫ



Ойыл бойының Ақшатау-Талтоғай тұсында Естек Меңдібай, оның балалары ағартушы Сірікбай, Мұқаш және Дәукен атты билер тұрған. Балтас естектің бір бұтағы Күмісбай баласы Меңдібай жасынан зерек болып, өнер-білімді орыс жұртынан үйренген. Сауда жасаған орыстарға еріп, Орынбор, Астраханға дейін барып, тіл үйреніп, дәулет құрған. 1898 жылы 2 кластық мектепті Меңдібай Күмісбаев салдырған. Ағаштары орынбордан түіе арбамен әкелінген. «Қызыл мектеп» алғашында екі кластық орысша-қазақша мектеп болған. Аталған оқу орны уақыт өте келе өр кезде оқулы мақсатта пайдаланылған. Бүгінде қорғауға алынған тарихи ғимараттың қабырғалары құлап қалғанымен, өткен дәуірден, яғни өткен тарихтан сыр шертіп тұр. Мұндай тарихи көне ғима-

раттар қазақ даласында жетерлік. Бұл өткенді ұмытпай ата-баба ізімен келешекке қадам басуға жол сілтейді. Осы орайда жуырда ел аузында «Қызыл мектеп» немесе «Санаторий» аталып келген «Шаруа жастары» мектебінің сыртын қоршау, сырлау жұмыстары жүргізілді. Ойыл ауылдық округінің ұйытқы болуымен қолға алынған игі іске аудан басшысы Асқар Қайырғалиұлы да арнайы барды. Онда тарихи орынның сырты қоршау, сырлау сынды игі істер, тал көшetterін отырығыз жұмыстарымен жалғасын тапты. Айтулы шараға Ақшатау, Қаракерем мектептерiнiң қызметкерлерi де өзiндiк үлестерiн қосып, аталған жұмыстарға белсендi түрде атсалысты.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ, Ойыл селосы.

«SIKO SUSHI» «ЕҢБЕКТІҢ» КЕЗЕКТІ «ЖЕМІСІ»



Қазіргі таңда көсіп жасаймын деген жандарға мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдаулар өте көп. Ауданымызда көсіпкерлікпен айналысушылар саны жыл сайын көбейіп келеді.Туған елдің өсіп-өркендеуіне өз үлестерін қосып жүрген жандардың көбейіп жатқанын іштей қуантарлық жайт. Мемлекеттік бағдарламалар аясында көсіптен нәсіп тауып жүрген жандарға жан-жақты қолдау көрсетіліп жүр. Көсібін дамытқысы келетін аудан тұрғындары мол мүмкіндікті пайдалана отырып, ұтып алған грантына қосымша қаржысымен өз көсіптерін бастауда. Басым көбі жобаларын қорғап, жетілдітілген несиеге қол жеткізіп, көңілден дөңгелетіп келеді. Әсіресе, ауылдағы іскер жандардың еңбегі көрінеді. Соның бірі бас-аяғы бір жылдың ішінде көсібін дөңгелетіп кеткен «Siko sushi» фаст-фуд желісі. Негізін қалаушы Сая Жұмабайқызы қазіргі кезде халыққа сапалы қызмет көрсетуде. Жастардың талғамына сай түрлі тағамдар жасайтын суши орталығы өзінің тұрақты тұтынушыларын тауып үлгерді. Мұнда фаст-фуд өнімдерінің түрі бар. Бағалары да халық көңілінен шығады. Әрине, әуелден де осы кәсіпке машықтанған Сая үшін бастапқы капиталдың қол-

байлау болғаны рас. Сондықтан, алдымен «Атамекен» көсіпкерлік палатасының аудандағы бөлімшесі арқылы «Бастау – Бизнес» бағдарламасымен көсіпкерліктің алғашқы қадамын игеру үшін білім алды да, өз жобасын сәтті қорғады. Жан-жақты зерделенген жобасын «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай көсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» бағдарламасына ұсынды. Нәтижесі де көп күттірген жоқ.

«2020 жылдың 1 маусымынан бастап өз жұмысымызды бастадық. Бизнес жоспарды сәтті қорғап, мемлекет тарапынан бөлінген 555 600 мың қайтарымсыз ерانت ұтып алып, фаст-фуд кафе аштық. Ас мәзірінде сушидің 15 шақты түрі мен тағы да басқа фаст-фуд өнімдері бар. Оның ішінде пиццаның барлық түрлері, қуырылған картоп (фри), тауық қанаттары, бұрээр өнімдері. Қыркүйек айынан бастап нан өнімдерін қоса алып, тәтті бөліштер, торт сияқты тағы да басқа тәтті тағамдарды дайындаймыз» - дейді жеке тиесікер. «Siko sushi» фаст-фуд желісі аз уақыт ішінде аудан тұрғындарының сұранысын қанағаттандыруда. «Өнерліге өріс кең» демекші, он сау-сағынан бал тамған көсіпкердің тағамдарының тіл үйретін шебер аспаз екенін аудан халқы да мойындайды.

Алдағы уақытта аудан халқы үшін жанға жайлы демалыс орнына айналадыруды мақсат еткен кесіпкер Сая Жұмашқалиева «Көсіпкерлік саласында білікке кетерілуде қиындықтарға мойымай, оны жеңу үшін шыдамдылық пен сенімділік қажет екендігін» - тілге тауып еді. Осылайша кесіптің көзін тауып, бүгінде көпшіліктің ықыласына бөленіп жүр. Көп еңбек еткенге бақыт та басын иеді. Өлем де еңбекпен ғана жасарып, жаңғырады.

Гаяухар АЛЕКСЕЕВА, Ойыл селосы.

Ойыл 100 жыл

ҚАЗАҚ ТАРИХЫНЫҢ БІР БӨЛШЕГІ

ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ БҮКІЛ ЖАРТЫ ШАРДЫ ЖАЙЛАҒАН «КОММУНИЗМ ЕЛЕСІ» ҚАЗАҚ ДАЛАСЫН ДА НАМЫСТЫҢ ЖАЛЫНА ЖАРМАСТЫРЫП, БІР КӨТЕРІЛСЕ ЖУЫҚ МАНДА БАСЫЛА АЛМАЙТЫН «ДАЛАЛЫҚ» АҢҒАЛ ДА АДУЫН МІНЕЗІН ӨРЕ ТҮРЕГЕЛТКЕН ТҰСТА, ОЙЫЛ ӨНІРІ «АЛАШ, АЛАШ» ДЕП ҰРАНДАҒАН ЗИЯЛЫ ШОҒЫРДЫҢ ТҮ ТІККЕН ӨНІРЛЕРІНІҢ БІРІНЕ АЙНАЛДЫ.

XX ғасырдың басындағы саяси ахуал осыдан үш ғасырдай бұрын өзінің мемлекеттілік құрылымынан айырылып қалған қазақ халқын қайтадан етек-жеңін жинап, ерікті мемлекет құруға үміттендірді. Қазақ көсемдерінің бірі Ә.Бөкейханұлы айтқандай: «Россия іріп-шіріп жатыр, бір аяғы жерде, бір аяғы көрде, не болары белгісіз... мұндай лаясан заманда закон жоқ, қорғайтын пана жоқ. Әркім өзін-өзі қорғайды. Әуелі өлмеске, екінші мал-мүлкімізді талауға бермеске, үшінші осы лаңның ішіне кірмеске қолдан келген күшімізді, ісімізді сарп етерге керек еді». Сондықтан сол күндерде Орынборда шоғырланған зиялы топ бүкілқазақ сьезін шақыру, болашақ қазақ мемлекетін басқаратын Ұлт Кеңесін құру туралы Үндеу тастады. Съезд 1917 жылғы 5 желтоқсанда Орынбор қаласында ашылды. Ол ең негізгі мәселе – ұлттық автономия құру мәселесінде ортақ бір мәмілеге келе алмады. Автономияның құрылғанын бірден жариялау керек пе, жоқ әлде еліптің артын бағып, қолайлы күнді күту керек пе? Алашорда Түркістан республикасындағы қазақтарды өзіне тарта ала ма? Айтыс осы мәселе төңірегінде өрбіді. Ақыры, «егер Түркістан қазағы бір айда бізге қосылса, автономияны қашан илан ету ықтияры Алашордаға берілсін» деген шешім қабылданды.

Мұның алдында 1917 жылғы сәуірде Орал казактары бірінші съезін өткізген еді. Бұл бірігуге басталған алғашқы қадам болатын. Бұл бірігуге басталған алғашқы қадам болатын. Осыдан үш айдан кейін Ойылда, Көкжар жәрмеңкесінде өткізілген екінші облыстық съезд қазақтың тұңғыш жергілікті басқару органы – Жайық сырты земство управасын сайлады. Сөйтіп, орандықтар бірінші және екінші жалпы қазақ съезіне дейін-ақ басқару және атқарушы билікті іс жүзінде жүзеге асырып қойған еді.

Облыстық үшінші съезд 1918 жылғы қаңтарда Қаратөбеде өтті. Бұл кезде облыстық қазақ комитеті большевизмнен де, казактардан да іргесін аулақ салып, дербес автономиялық құрылғыға бет бұрған-ды. Осы съезден кейін іле-шала, яғни 1918 жылғы 18 мамырда Жымпитыда шақырылған төртінші съезд бұл мәселені түпкілікті шешті. Съезге Лбищенск, Ойыл, Орал уездерінен өкілдер қатысты. Онда Алашорданың уақытша қырғыз үкіметі ретінде Ойыл уалаятын құру, казактармен жасалған шатты бекіту, халық милициясын ұйымдастыру, өртүрлі алымдар жинау және Ойыл мен Жымпитыда әскери мектептер ашу және т.б. мәселелер талқыланды.

Жаңа үкімет құрылды, ол ресми түрде «Ойыл уалаятының уақытша үкіметі» деп аталды. Өлке танушылар Т.Құсайын мен М.Тәжімұратов айтқандай: «Ойыл уалаяты аумағына кейбір зерттеушілер шатастырып жүргендей Бөкей, Маңғышлақ, Ақтөбе атырабы ол кезде кіре қойған жоқ-ты. Жаңа атау Орал өңірін ғана білдіретін-ді.

Уәлаят Жымпиты, Ойыл, Шыңғырлау және Сағыз уездеріне бөлінді. Ойыл уезін Жанғожа Мергенов басқарды. Уәлаяттың орталығы Жымпитыға орналасты, ал Ойыл уәлаяттық маңызы бар қала саналды.

Бұл өңірде бұған дейін Сырым Датовтың «Халық кеңесі», Жөңгір ханның ішкі орда протектораты сияқты ел басқару үлгілері болған еді. Уәлаят ұстанған европалық демократиялық мемлекеттік тұрпаттағы үлгі басқарудың отбасылық, ақсақалдық түзілімін жойып жіберген жоқ, қайта оны толық қабылдай отырып замана ағысына сай жаңа сипаттарымен жетілдіріле түсті. Жоғары орган-уәлаят құрылтайының, халық сайлайтын басқару органы – земство управасының, мемлекеттік орган құратын атқару органы – уақытша үкіметтің, жергілікті өзін-өзі басқару органдары – ауылдық, облыстық уездік, земство комитеттерін құрылуы осының дәлелі.

Жаңа үкімет ұлттық әскерін жасақтауға ерекше күш салды. 1918 жылғы шілдеде Жымпитыда прапорщиктер, Ойылда конкерлер дайындайтын мектептер ашылды. Уәлаят, тіпті 1918 жылдың күзінде-ақ Жымпитыда Қазақ земство банкі ашып, өздерінің ұлттық ақшасын шығаруға да талаптанды. Өйткені Войсковой үкімет пен Омбы үкіметінің қағаз ақшасы күнделікті ақша айналымын қанағаттандыра алмады. Бірақ бұған уәлаяттың полиграфиялық қуаты жетпеді. Ол М.Меметованың өкесі, белгілі қоғам қайраткері, ақын Ахмет Мөметовтың редакторлығымен Ойылда шығатын «Еркін қазақ» газетін, өртүрлі бланк-күелік қағаздарын бастырудан аспады. Орандық өлкетанушы Г.Васильевтың пайымдауынша, уәлаят ақшасы 1927 жылы

шыққан Чучиннің Бон каталогына енген.

Аз уақытта осындай бірсыпыра игі таппыныстар жасалғанмен ел ішіндегі дүрбелең, біресе олай, біресе бұлай ұйытқи соққан замана желі халық санасындағы қалың бұлтты сөйлітуге мүмкіндік бермеді. Саяси оқиғалар шиеленісе түсті, ал жер қашықтығы байланыстың қиындығы Алашорда үкіметінің жаңа шешім қабылдауын жеделдетті. 1918 жылғы 11 қыркүйектегі мәжілісінде Алашорда үкіметі Ойыл уалаятының уақытша үкіметін таратып, оның орнына Алаш автономиясының батыс бөлігін басқару жөніндегі бөлімшесін құрды. Бөлімшенің төрағасы болып Жанша Досмұхамедов сайланды. Оның құрамына Бөкей ордасының Орал облысы /Ойыл уалаяты, Маңғыстау уезі, Торғай облысының Ақтөбе және Ырғыз уездері кірді.

Алаш басшыларының 1917 жылдың қарашасынан бастап ұлттық мемлекет құруға бағытталған арман-мұраты 1919 жылдың соңына қарай Кеңес өкіметімен келіссөз жүргізуімен аяқталды. Ойыл уалаятының уақытша таратылғаннан кейін де, яғни Күнбатыс Алашорда басшыларының Кеңес өкіметі жағына шығуы кезінде ресімделген құжаттарда кездеседі. Демек, 1920 жылдың бас кезіне дейін мұндай бөлініс сақталған.

Ал Ойыл уезінің немесе Ойыл ауданының тарихын қай кезден бастауға болады. Қазақ КСР Ішкі істер министрлігі Мұрағат басқармасының 1959 жылы жарық көрген анықтамалығында Қазақстанның 1920 жылғы тамыз және 1936 жылғы желтоқсан аралығындағы өкімшілік-аумақтық бөлінісі жөнінде нақты деректер келтірілген. Сол анықтамалық бойынша Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитеті 1920 жылғы 11 желтоқсандағы 1 сессиясында Орынбор-Торғай губерниясын төрт губернияға бөлу туралы шешім қабылдағанмен, содан дәл бір жыл өткен соң, яғни 1921 жылғы 8 желтоқсанда Бүкілодақтық Атқару Комитеті Орынбор-Торғай губерниясын үш губернияға – Ақтөбе, Қостанай және Орынбор губернияларына бөлу жөніндегі шешімді бекітті.

1921 жылғы 12 сәуірде Ақтөбе губерниясы аудандарға бөлініп, оған Ақбұлақ, Ақтөбе, Можоровск және Темір аудандары қарады. Ойыл ауданының қазіргі аумағындағы елді мекендер 20-жылдардың бас кезінде негізінен Ақбұлақ және Темір аудандарының құрамында болды.

Ақбұлақ ауданы 1922 жылғы 5 шілдеде уезд болып қайта құрылды. Оған Ақбұлақ, Астрахань, Бабатай, Ақсу /Беловодск/, Жиренқола, Елек, Қайыңды, Калинин, Қарағанды, Қиыл-Ойыл, Николаев, Ново-Александров, Новоадеждинск, Петропавл, Преображенск, Сазды, Тамды, Томареткел, Түзтебе, Харьков, Қобда және Жайсаң болыстары кірді.

Темір уезі де Ақбұлақ уезі сияқты 1922 жылғы 5 шілдеде Темір ауданы болыстарының негізінде құрылды. Оған 31 болыс, оның ішінде Бабатай, Жекенді, Жетікөл, №4 Қазбек ауылы, №4 Қайыңды ауылы, Қаракерем, Құмды-Ойыл, Ойыл /Ойыл поселкесі/, бірінші Ойыл, екінші Ойыл, Тайсойған болыстары кірді.

Орал губерниясы Кеңестердің 1920 жылғы 12 қазандағы I құрылтай съезінің шешімімен құрылды. Оның құрамына 6 уезд: Гурьев /20 болыс/, Жымпиты /23 болыс/, Елек /31 болыс/, Калмыков /18 болыс/, Ойыл /14 болыс/, Орал /27 болыс/ уездері кірді. Ойыл уезі оның алдында 1920 жылғы 2 мамырда Торғай облысы Темір уезінің болыстарынан құралған болатын. 1921 жылғы 19 қарашада ҚазАКСР Орталық Атқару Комитеті Әкімшілік комиссиясының 1921 жылғы 26 мамырдағы қаулысымен Ақтөбе губерниясының құрамына кіргізіліп, 14 болыстан тұратын Ойыл ауданы болып қайта құрылды. Ауданның орталығы Ойыл қаласында орналастырылды. Ауданға Ақсу /Беловодск/, Жекенді, Жетікөл, Қазбек, Қайыңды, Қарағанды, Қиыл-Ойыл, Новоадеждинск, Преображенск, Романовск, Тайсойған, бірінші Ойыл, екінші Ойыл, Шиповск болыстары қарады. Бір жылға жетпейтін уақыттан кейін, яғни 1922 жылғы 27 шілдеде аудан таратылды. Ақсу /Беловодск/, Қайыңды, Қарағанды, Қиыл-Ойыл, Новоадеждинск, Преображенск болыстары Ақбұлақ ауданына, Жекенді, Жетікөл, Қазбек, Тайсойған, бірінші Ойыл, екінші Ойыл болыстары Темір ауданына қосылды.

Ойыл ауданының тарихы Адай уезінің /Адай округінің/ және Алтықарасу ауданының тарихымен де тығыз байланысты. Әсіресе, Адай уезінің құрамында болған кезең ойылдықтар үшін де ауырталығы мол, қысталаң кезең еді. Олай болмауы мүмкін де емес-ті. Өйткені өлкедегі Алашорда көтерген еркіндік туы ресми түрде жығылғанмен зиялы шоғыр оны санада тұмардай сақтаған, жаңа өкімет қызыл туды ресми көтергенмен ол қалың көпшіліктің рухани сұранысын қанағаттандырмай, әуре-сарсаңа түсірген бұлыңғыр-бұлдыр тіршілік көңілге ертеңгі өмірдің қуанышына жетелейтіндей берік сенім ұялата қоймады. Және аумақтық бөліністің де, өкімшілік бөліністің де аражігі толық ажыратылмай, сонымен бірге өкімшілік-

аумақтық деп біртұтас аталғанмен сол тұтастықтың өзі шартты түрде болмаса, іс жүзінде қазіргейдей бөлініске сай қызмет ете алмайтын еді. Қалай қызмет етеді, Адай уезінің орталығы біресе Ойыл қаласына, біресе сонау Маңғыстау жарты аралына, Каспий жағалауындағы Александровск /бұрынғы форт Урицкий, қазіргі форт Шевченко/ фортына көшіріліп, ортадағы басқа да уездерді жартылай қамти ұзыннан-ұзақ созылған кең аймақтағы дүрбелеңді өмірді бақылау, басқарып, тиісті арнаға түсіру тіпті де мүмкін емес-ті. Бір ғана мысал төтенше комиссар Ә.Жангелдиннің белгілі Шалқар сапарына Адай елінің беделді де белді адамы, жергілікті «ханы» Тобанияз Әлниязов көмек көрсетті. Оны Маңғыстау уезінің революциялық комитетінің төрағасы етіп қалай сайлағаны туралы Ә.Жангелдин өз естелігінде былай дейді: «Маңғыстау уезінің халқы Қаратөбеде шақырылған жиналысында менен Совет үкіметін орнатуды сұрады. Мен үкімет құрып, оның ревком председателі етіп Әлниязов Тобаниязды тағайындадым.» Осыдан-ақ жергілікті жерде саяси ахуалдың қалай болғанын, жаңа үкімет құру мен оның басшылығын сайлау рәсімінің қалай өткенін байқау қиын емес.

Нақ осы кезеңде фортта қызыл форт өз ревкомын құрды. Олар Баку мен Астраханға қарағыштап, солардың сойылын соғатынын байқатты. Маңғыстау жарты аралының Түркістан республикасының Закаспий облысына қарайтынын желеу етіп, закаспийліктер де өздерінің революциялық комитетін жариялады. Форттағы Совдеп пен Мүскең де /мұсылмандар кеңесі/ өз ықпалдарын жүргізуге тырысты. Ал қыр қазактары Ә.Жангелдин құрған революциялық комитетті қолдады.

Мемлекеттік құрылымның тұрақсыздығы түбекте ел басқару ісін қиындатты. Оның үстіне Хиуа хандығы аласапыран уақытты пайдаланып, орыстың қол астынан дербес бөлініп шығуды, Маңғыстауды қосып ала кетуді ойлап, қарақшыдық өрекеттерін күшейтті. Адай /Маңғыстау/ уездік ревкомы Кеңес үкіметінен осы қарақшылықтан қорғауды өтінді. Осыған орай Ә.Жангелдин 1919 жылғы 14 наурызда Ресей Халық Комиссарлар Кеңесінің алқасына былай деп жазды: «Осы жерде түрікмен қарақшыларының жиі шапқыншылық жасап өйелдері мен қыздарын құлдыққа алып кететінін естіп білген соң Хиуаға түрікмендердің бұдай былай байғұс қырғыздарды /қазақтарды/ келешекте мазаламауын талап етіп бұйрық жібердім. Менің талабым орындалмаған жағдайда Россия республикасының әскери күшінің түрікмендердің аламан қарақшыларына қарсы тұратынын ескерттім».

Закаспий облысының өз ревкомын құрғанын естігеннен кейін Адай ревкомының өтініші бойынша Қазақ ревкомы 1920 жылғы 29 наурызда «Адайларды басқарудың уақытша ережесін» шығарды. Бұл ереже бойынша Маңғыстауға Қазақ өлкелік ревкомының құрамында ревкомның төтенше өкілі, өлкелік төтенше комиссияның өкілі, Орал облыстық және губерниялық комитетінің бір өкілі бар айрықша комиссия жіберу көзделді. Осы комиссия 1920 жылғы жаздың бас кезінде Ойылға келіп, 11-15 маусымда көшпелі Адай-Табын елінің I Кеңестер съезін шақырды. Съезд жұмысына Қазақ өлкелік революциялық комитетінің жауапты өкілдері Ғұбайдолла Әлібеков /Х.Есенжановтың «Ақ Жайық» романындағы ағайынды Жүнісовтардың үлкені/ пен РКП /б/ Орал обкомынан М.Мырзағалиев қатысты. Съезд төрағалығына Т.Әлниязов сайланды. Съезде: Кеңес үкіметінің саясаты; Адай ревкомы; елді бірінші кезектегі қажетті тауарлармен қамту, көшпелілер мен отырықшы қазақтардың қарым-қатынасын реттеу, халық милициясын ұйымдастырып, қазақтардан ерікті қызыл армия бөлімдерін құру; Бүкілқазақтық съезд шақыру, т.б. мәселелер қаралды.

Ойылда өткен осы съезден кейін Адай ревкомының делегациясы Орынборға келеді. Қазақ революциялық комитеті 3 шілдеде Түркістан Орталық Атқару Комитетінің төрағасы Т.Рысқұловқа жеделхат жолдап, бұрын Түркістанға қарап келген адайлардың Қырғыз республикасына қарағысы келетін талаптарының заңдылығын дәлелдейді. Соның ізінше Қазревком комиссия төрағасы Ғ.Әлібековтың баяндамасын тыңдап, сол бойынша Адай әскер полкін ұйымдастыру мәселесін анықтап, Адай уезінің шекарасын белгілеп, ревком ұстауға қаржы бөлуге қаулы алады. Сөйтіп, Қазақ үкіметі ресми түрде Адай ревкомын өздеріне бағыныстағы елдің басшы органы ретінде таныды. Сол жылдың тамызында Мескеудің Маңғыстау уезін /оған қоса Красноводск уезінің болысын/ Қырғыз өлкесіне қосу туралы қаулысы шықты. Форттағы күйекасты ревком таратылды. Сол жылы Адай елі Тобаниязды Орынбордағы Бүкілқазақтық I съезіне салтанатпен шығарып салды /Ә.Спанов. «Тобанияз»/.

Дегенмен хиуалықтардың Маңғыстауға жасаған қарақшылық өрекеттерін Ә.Жангелдиннің бұйрығынан кейін де тоқтаған жоқ. Сон-

дықтан Түркістан майданы 1 армиясы штабы бастығының 1920 жылғы 28 наурызда Т.Әлниязов атына шығарған № 1213 құпия нұсқауын негізге ала отырып, Қазақ революциялық комитетінің өкілі Т.Әлниязовқа арнаулы жасақ құрып, дербес өз билігімен қорғанысқа көшуге, әскери қимылдар жүргізуге құқық беретін мандат табыс етті. Осы 1716 нөмірлі мандаттың соңына: «РСФСР. Адай уездік ревкомы. 10 шілде 1920 жыл. №2 Ойыл қаласы.» деген сөздер жазылған. Демек, мандат Ойыл қаласында тоқтырылған.

Жоғарыдағы деректерге қарағанда Ойыл қаласы Адай уезіне қатысты тарихи оқиғалардың да орталығы болғанға ұқсайды. Әрине, өлкемізді тереңірек тани түсуге қажетті, өзірге бізге белгісіз деректер өлі де жетіп артылады. Мысалы, Т.Әлниязов басқарған Адай ревкомы мен С.Құрманов басқарған Ойыл ревкомының ара-қатынасын зерделеу көп жәйттердің бетін ашар еді. Алайда, біз бұл жолы бір мақала аясына сия қоймайтын, бұл тақырыпты өдейі қозғамай, Ойыл ауданының өкімшілік-аумақтық бөлінісін қамтитын жекелеген деректерді ғана алға тартып отырмыз. Т.Әлниязов басқарған Адай уезіне нәліктен кенінен тоқталдық. Өйткені, ол мақала тақырыбына орай, Ойыл ауданының өкімшілік-аумақтық құрамын сол кезеңде, сол аумақтағы саяси оқиғалар аясында зерделеуге мүмкіндік береді. Аңырақай айқасы нәліктен өлі күнге дейін ұлттық рухымызды асқақтатады. Бірақ «күшті күштілігін істейді» деген қарапайым қағиданың да ақиқаттығын мойындамауға болмайды. Өйтпесе, Сібірден ескен желдің де табиғи жан самалындай болып соғатынын немен түсіндіреміз.

«Еділдің бойын алғаны, Етекке қолды салғаны, Ойылды келіп алғаны, Ойындағысы болғаны», - деп Мұрат Мөңкеұлындай толғаған жерлер дүниеден аз өтті ме? Ері елін, жерін сүйетінін тек Аңырақай шайқастарымен ғана дәлелдеуі керек пе екен? Қан төкпей-ақ бүкіл Маңғыстау жарты аралының хиуалықтардың қарауына өтіп кетуінен сақтап қалған Ойыл съезінің мәнін санада сараладық па? Аласапыран кезде бір сәттік, бір кезеңдік оқиғалар аясында шырмалып қалмай ертеңі үшін дәл уақытында сергек те батыл өрекет еткен Т.Әлниязов бастаған Маңғыстау /Адай/ ревкомының ерлігін бүгінгі ұрпақ біле ме? Білмесе неге білдірмеске. Міне, мәселе қайда.

Оқиға кейін қалай өрбіді? 1924 жылғы 10 қарашада Урицкий қаласы форт Александровск қаласы қаласы деп аталды. 1925 жылғы 19 ақпанда Адай уезінің орталығы осы Александровск қаласынан Ойыл қаласына, 1926 жылғы 13 мамырда қайтадан форт Александровск қаласына көшірілді. 1927 жылғы 14 мамырда Адай уезінің Қазбек, Ойыл және Ембі-Сағыз болыстарының негізінде Ойыл ауданы құрылды, бірақ ол келесі 1928 жылы қайтадан таратылды. Нақ осы жылдың 17 қаңтарында Темір ауданы да таратылып, оның болыстары Ақтөбе ауданы мен Адай округіне берілді.

Адай округі 1927 жылғы 28 маусымда Адай уезінің болыстары негізінде құрылды. Ә.Бөкейханның «Адай уезінің қазақтары» деген еңбегіне сүйене айтқанда Адай округінің құрамына бес аудан: Маңғыстау, Үстірт-Сам, Табын, Алтықарасу, Ойыл аудандары, сондай-ақ Қайыңды, Құмды-Ойыл, Жиделі-Сағыз және Ақтөбе губерниясының бұрынғы Темір уезінің Ембі-Байсары болысының бір бөлігі кірді. Адай уезінде 1925 жылғы мәлімет бойынша 127798, ал 1928 жылғы мәлімет бойынша 170 мыңнан астам адам болған. 1928 жылғы 17 қаңтарда болыстар таратылып, 1, 2, 3-Адай, Тайсойған, Сағыз, 1 Түркіменадай, Шилі-Сағыз болыстары – Ойыл, 4, 6, 7-Адай және Келімберді болыстары – Үстірт-Сам, Өлімберді, 1, 2, 3, 4-Бозашы, Жемейен